лып, банктік салымдарға мемлекеттік тұрғыдан кепілдік беру жүйесіне қосылды. «Kassa Nova банкі» ұсынып отырған қызметтердің ауқымы да кеңейе түсті. Осылайша, біз халыққа жан-жақты банктік қызмет көрсетуге жақындай түскендейміз.

2011 жылдың желтоқсанында Kassa Nova банкіне Standard & Poor's (S&P) компаниясы 'B/C' (халықаралық) немесе 'kzBB' (ел ішіндегі) алғашқы рейтинг берді.

Банк жұмысының сәтті жүргізіліп жатқандығына 2011 жылғы қаржылық нәтижелер де дәлел бола алады. Онда активтердің (+115%), портфельдің (+112%) және табыс көздерін тартудың (+146%) біршама ұлғайғандығы көрсетілген.

Ал 2012 жылы Kassa Nova банкі несиелік портфелін 150 млн. АҚШ долларына дейін және 2013 жылы - 230 млн. АҚШ долларына дейін көтеруді жоспарлап отыр. Яғни, 2011 жылмен салыстырғанда 3 есеге жоғары болып отыр. Бұл орайда, Kassa Nova банкін қорландырудың басты көздері болып депозиттердің, субординацияланған қаражаттардың және жеке капиталдың табылатындығын атап өту керек.

Бұған қоса, банк өзінің несиелік портфелінің сапасын ұдайы қадағалап отырады. Бақылау жүргізудің нақты бекітілген жүйесі арқылы, 2011 жылдың қорытындылары бойынша, Kassa Nova банкі қазақстандық банк жүйесіндегі портфель сапасының ең жақсы көрсеткіштерін көрсете алды. Банктің 2011 жылдың соңында жариялаған есебі бойын-

Жылдық есебі

ша PAR портфелі бойынша тәуекелдер көрсеткіші бар-жоғы бір пайызды ғана құраған (30 күннен асатын қарызы бар несиелер үшін).

Тағы бір маңызды көрсеткіш – 2011 жылдағы банк жұмысының тиімділігі: 2011 жылғы біздің операциялық табыстарымыз 75%-ға, яғни, 722 287 мың теңгеден 1 264 781 мың теңгеге дейін өскен. Ал операциялық шығындар 983 574 мың теңгеден 1186 643 мың теңгеге дейін, яғни, тек 21% ғана ұлғайған. Бұл банктің қаражаттарды қатаң бақылауда ұстайтындығының, шығындарға мұқият екендігінің айғағы.

2011 жылғы қарқынды дамудың, нақты ойластырылған стратегияның, банк жұмысына қатаң бақылау жасаудың және ақшаға деген ұқыптылықтың арқасында біз екі жылдан бері операциялық қызметтердің табысты болуына қол жеткізе алдық. Өткен жылдың қорытындысы бойынша салық салғанға дейінгі табыс сомасы 78 138 млн. теңгеге жеткен. Бұған банктің филиалдар желісі мен автоматтандыруды кеңейтуге елеулі түрде қаражат жұмсағанына қарамастан, қол жеткізіліп отыр. Сол арқылы, Kassa Nova банкі нарықтағы күшті бәсекелестікке және несие беру саласындағы агрессивті саясатқа төтеп бере алды.

Kassa Nova банкі өте қысқа мерзім ішінде аяққа нық тұрып, табыспен активтердің өсімі, барлық жүйелер мен бөлімшелердің дамуы тұрғысынан, сондай-ақ, экономикалық қауіпсіздік позициясынан жақсы қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізе алатындығына сенімдіміз.

Мұндай жетістіктерге қол жеткізуге жас, әрі ұйымшыл команда еңбегінің арқасында мүмкін болып отыр. Мен өз әріптестеріме және Kassa Nova банкінің серіктестеріне, олардың ерен еңбектері мен банктің болашағына деген сенімдері үшін айтар алғысым шексіз.

Kassa Nova банкі халықпен жұмыс істеудің жаңа жүйесін енгізуде. Біз, бағасы қолайлы және қарапайым, әрі түсінікті қызметтерді ұсынатын банк болуды көздейміз. Біздің мақсатымыз – қарапайым басқару құрылымы, қызметкерлердің оңтайлы құрамы, кең қызмет көрсету желісі бар және орналасуы қолайлы банк болу.

Біз, бүкіл 2011 жыл ішінде жасалған жұмыстардың барысында қол жеткізілген нәтиженің тек үлкен жолдың бастамасы ғана екенін білеміз!

Kassa Nova банкін таңдағаныңызға алғысымызды білдіреміз және сенімдеріңізді ақтауға бар күш-жігерімізді салатын боламыз.

**Талғат Қуанышев,
Басқарма Төрағасы**

Басқарма Төрағасының алғы сөзі	58
Банк туралы	64
Филиалдар желісі	69
Клиенттер	69
Өнімдер	72
2012 жылға арналған жоспарлар	73
Корпоративтік басқару	78
Қызметкерлер	87
Қаржылық есептеме	90
Тәуелсіз аудиторлар есебі	98

KASSA
NOVA
БАНК

Жылдық есебі

Банк туралы



Банк туралы

Kassa Nova Банкі 2009 жылғы қарашада құрылған. Kassa Nova – тұтынушылық кредит беруге шағын бизнесті қаржыландыруға бағытталған банк. Банктің негізгі мақсаты – жеке тұлғаларға және шағын өнеркәсіптерге кредит беру саласында жылдам және сапалы қызмет көрсетуде жетекші болу. Жақын болашақта Kassa Nova кредит беру нарығының осы сегментінде жетекші банк болуды жоспарлап отыр.

Бүгінгі таңда Kassa Nova – Алматы, Астана, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар қалаларында бес филиалы және жиырма екі кредит беру бөлімшелері бар толық жұмыс істейтін банк. Жақын жылдарда банк Қазақстанның барлық ірі өңірлерінде филиалдарын іске қосуды жоспарлап отыр.

Қазіргі уақытта Kassa Nova-да кредит беру, салымдар қабылдау, банктік шоттарға қызмет көрсету, ақша аударымдары, валюта айырбастау және басқа - барлық негізгі банктік өнімдерге қол жетімді. Kassa Nova түрлі қажеттіліктері мен мүмкіндіктері бар клиенттерге қолайлы және әмбебап талаптар ұсынады.

Kassa Nova Қазақстанның басқа банктерден негізгі айырмашылығы жаңа ұстанымды құрылымды пайдалануда және ішкі процестерді ұйымдастыруда болып отыр, бұл шығасыларды едәуір қысқартуға және тұтынушыларға барынша ұтымды талаптар ұсынуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда Kassa Nova қалың бұқара жұртшылықтан, кәсіпкерлерден және шағын және орта бизнес кәсіпорындарынан тұратын клиенттік базасы бар табысты банк болып табылады. Банк өзін кредит берудің қол жетімді және жылдам операторы ретінде көрсетті.

2009 жылғы шілдеде тіркелген күннен бастап екі жыл ішінде Kassa Nova жұмыстың шығынсыз деңгейіне шықты, бұл ретте қызметтерінің және кредит портфелінің сапасын жоғалтпады. Банк алдына 2014 жылға дейін ҚР стандарттарына сәйкес активтер бағасының орташа мөлшеріне қол жеткізу және шағын кредит беру және шағын бизнесті қаржыландыру сегментінде жетекші болу міндетін қойып отыр. Даму барысында банк филиал желісін кеңейтуге, өңірлік кеңселер құруға, сондай-ақ қазіргі заманғы техникалық инфрақұрылым құруға инвестициялайтын болады.

Kassa Nova өз жұмысында өзінің негізгі қызметіне – кредит беруге және қолда бар Tempo, Nova, Extra және Ипотека – өнімдерін алға жылжытуға ден қояды. Болашақта қызметтер мен өнімдер желісі бірте-бірте кеңейту қарастырылған, оның ішінде:

- Қолма-қол ақшамен ақшалай операциялар және кэш менеджмент;
- Карточкалық төлем жүйелері;
- Интернет-банкинг;

Жылдық есебі

- Кредит желісі және т.б. сияқты қосымша кредит өнімдері.

Жуық арадағы бірнеше жылдардағы банктің негізгі стратегиялық міндеті – түсінікті талаптары бар кредиттерге оңай және тез қол жеткізу беруге баса назар аудару. Мұнымен бірге банк автономды қызмет көрсету терминалдары мен Интернет желісі арқылы тұтынушылық және бизнес-мақсаттармен клиенттерге берілетін ақашалай операцияларды өңдеу қызметін бірте-бірте кеңейтуге ниеттенді.

Kassa Nova банкі бұл міндеттерді атқаруға келесі құндылықтармен қол жеткізе алады:

- Біздің клиенттерімізге қызмет көрсетудің жоғарғы сапасы мен қол жетімді баға;
- Қызметкерлерімізге арналған жайлы атмосфера және мәнсаптық перспектива;
- Акционерлеріміздің инвестицияларына тұрақты қайтарым жасау арқылы компанияның өсуі;
- Тұрақт түрде даму мен жетілдіруге ұмтылыс;
- Тұрақты кәсіби өсу және жоғарылау, адал және инициативті бастамашыл қызметкерлердің хал-ауқатын көтеру.

Филиалдар желісі



Жоғарыда айтылғандай Kassa Nova банкі Қазақстанның бес қаласында: Алматы, Астана, Ақтөбе, Қарағанды және Павлодарда филиалдарын ашты және 2015 жылға дейін еліміздің барлық облыс орталықтарында ашуды, сондай-ақ Kassa Nova филиалдары жұмыс істейтін өңірлерде сату орындарын бірте-бірте ұлғайтуды жоспарлауда.

Клиенттер


Kassa Nova-ның басты назарында клиент. Қазір банк негізінде екі мақсатты топқа: тұтынушылық мақсаттағы және орташа табысты клиенттер, сондай-ақ шағын кәсіпорындарға аса көңіл бөле отырып, кредит беру қызметтерін ұсынады.

Жылдық есебі


Біздің клиенттер – еңбек қызметінен тұрақты табысы және кепіл ұсынуға мүмкіндігі бар негізінде 35-45 жастағы 25-55 жастағы ерлер мен әйелдер. Бұлар негізінен түрлі ұлттардың отбасылы адамдары.

Еңбек түрі мен мақсаттарының құрылымы бойынша клиенттер сипаттамасы мынадай:

- Тұтынышылық мақсаты бар адамдар: коммерциялық қызметкерлер, мемлекеттік қызметкерлер, жеке еңбекпен айналысатын және айналыспайтындар (студенттер, үй шаруасындағы әйелдер, зейнеткерлер). Мақсаттары – жөндеу, автомобиль сатып алу, іс-шаралар/тойлар өткізу, оқыту, емделу және басқалар.
- Шағын және орта бизнес өкілдері: ірі бизнесмендер, жеке кәсіпкерлер, қосымша жұмыс істейтіндер. Олардың мақсаттары – негізгі айналым қаржысын сатып алу және толықтыру, жаңа және бар бизнеске инвестициялау.




- Кәсіпкерлер
- Қызметкерлер
- Қосымша жұмыс істеушілер
- Мемлекеттік қызметкерлер



■ Әйелдер
■ Ерлер

Жастарына бөлгенде



Жылдық есебі

Біз даму процесінде барлық негізгі банктік өнімдерді ұсына отырып, әр қадам басқан сайын ықтимал клиенттер шеңберін кеңейтетін боламыз.

2010 ж. Kassa Nova негізгі кредиттік ұсыныстарға қосымша ипотекалық кредит беруді іске қосты, бұл бар клиенттерге арналған қызметтер аясын кеңітті және еліміздің тұрғын үй шаруашылығы түрінде жаңа сегментті тартты.

Банктің клиенттермен жұмыстағы негізгі міндеті тығыз және онымен бірге оңтайлы өзара қатынас жасау болып табылады, ол барлық міндеттерді барынша тез, тиімді және сапалы шешуге мүмкіндік береді. Қызмет көрсету жеке тәсілді және өнімдердің барынша ыңғайлылығын қамтамасыз етеді.

Өнімдер

2011 ж. банк бүкіл филиалдар желісінде ұсынылатын қызметтер сапасын көтеруге ерекше назар аударды. Клиенттерге қолайлылығына және қажеттілігіне қарай қолда бар өнімдер желісіне түзетулер енгізілді.

Бүгінде Kassa Nova банкі өз клиенттеріне кредиттер, депозиттер, ақшалай аударымдар ұсынады.

Кредиттерді біз тұрғын үй құрылысына, тұтынушылық мақсаттарға

береміз, сондай-ақ ипотекалық қаржыландыру мен жаңа автомобильдерді сатып алуға кредит береміз.

Банк қызметінің негізгі түрлерінің бірі ретіндегі шағын бизнеске кредит беру енді өтеудің ұзақ мерзімді инвестициялық кредиттерге де бағдарланатынын айтау кету керек. Қазіргі уақытта шағын және орта кәсіпорындарға қолдау көрсету (инвестициялау) бойынша үкіметтік бағдарламаға («DAMU») қатысуға дайындық жүргізілуде.

2011 ж. депозиттік өнімдер сәтті іске қосылды – «Optima» депозиті біздің клиенттер үшін бірінші ұсыныс болды. Ал ақшалай аударымдар операциялары және кассалық-қызмет көрсету SWIFT және WESTERN UNION жүйелермен серіктестік келісімдер жасау арқасында едәуір жақсарды.

2012 ж. банк депозит желісін «Premio» жинақтаушы жаңа өнімімен толықтыруды және өз клиенттеріне қолайлы болуы үшін жаңа «Быстрая Почта» және «Unistream» төлем жүйелерін енгізуді жоспарлауда.

2012 жылға арналған жоспарлар

Kassa Nova банкінің негізгі және өзгермейтін стратегиялық тәсілінің ұстанымы кредит беруге бағдарлану болып қалады. Банк аса түрлі сұраныстар көрсеткен қатардағы клиенттерге, сондай-ақ

Жылдық есебі

инвестицияларға және (немесе) айналым қаржыларына мұқтаж шағын бизнес кәсіпорындарының иелеріне қызмет көрсетеді. Корпоративтік кредит беру банк стратегиялық қатынаста аз назар аударатын бағыт ретінде қарастырылады.

Клиенттердің банктік қызметтерге барынша қолайлы қол жеткізулерін қамтамасыз ету үшін 2012 ж. (және келесі жылдары) жоспарында филиалдар мен қызмет көрсету бекеттерін бірте-бірте ұлғайту қарастырылған. Банктік өнімдер бұл ретте бұдан да қол жетімді және түсінікті болуға тиіс. Қызмет көрсету қазіргі заманғы және түсінікті болуға тиіс. Әкімішілік процестер күрделі болмауы тиіс. Негізгі міндет клиентке достық қатынас болып табылады. Оны орындау үшін жақсы үйретілген қызметкерлер мен алдыңғы қатарлы ақпараттық жүйелерге тиісті түрде қол жеткізілуі тиіс. Басшылық тарапынан қазір және алдыңғы уақытта да өсіп келе жатқан клиенттік базаға және онымен бірге жаңартуды нығайтуға және тиімділікті көтеруге ерекше назар аударылатын болады. Жоғарғы басшылық үшін де филиалдардың басшылары үшін де негізгі міндет сапа стандарттарын сақтауды бақылау мен оларды жақсарту үшін жүйелі жұмыс жүргізу болып қалады.

Қазірдің өзінде клиенттерге берілген қарыздардың 80 пайызға жуығы - 4 500 000 теңгеден аспайды және банк болашақта бірінші кезекті «жалпылама сұранысты» көздеп отыр. Kassa Nova банкі жеке әзірленеген кредит өнімдеріне сүйену орнына қарапайымдылығымен, стандартты талаптарымен және қол жетімділігімен ерекшеленетін өнімдерге артықшылық береді.

Және мынаны атап көрсетейік: жеке тәсіл мен барынша қолайлы болуы клиенттерімізге қызмет көрсету сапасын қамтамасыз етуге тиіс. Пайыздық мөлшерлеме мен тарифтік саясат негізделген болып табылады және нарықтық жағдайды көрсетеді. Кредит беру талаптары бәсекелес болуы тиіс, бірақ бұл ретте нарықтық бағадан төмен болмауы тиіс. Екінші жағынан пассивке қатысты банктік балансты қарастырғанда Kassa Nova банкінің негіздемелі капиталды базасымен үйлескен бәсекелестікке қабілетті, икемді талаптары қаржыландыруды бұдан әрі әртараптандыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Салымшылар санының едәуір өсуі 2012 ж. басшылық үшін алдыңғы қатардағы міндеттер болады.

Қызметтерді кеңейту міндеттеріне қосымша түрде, ИТ елеулі түрде жақсарту қарқынын сақтау үшін, 2012-2013 жж. клиенттерге электронды банктік қызметтердің бүкіл спектрі көрсетілуі тиіс. Электронды қызмет көрсету шоттарға өтуден және қаражаттарды Интернет арқылы аударудан басталатын болады және банкоматтарды пайдалануды біртіндеп енгізумен жалғасатын болады. 2013 жылы нарыққа Kassa Nova банкінің несиелік карталары шығарылатын болады. Жақын болашақтағы электронды қызмет көрсету саласындағы банктік мақсаттарын орындауға қомақты қаражат бөлінген.

Kassa Nova белсенді қызметінің үшінші жылы, 2012 жылғы қызметтердің болжамды нәтижелеріне қатысты банк несиелік портфельді ұлғайтуды (екі еселену күтілуде), табыстылықты арттыруды (6 пайыздан асатын жеке капитал тиімділігінің көлемі

Жылдық есебі

қарастырылған) көздеп отыр, клиенттік база, болжанғандай, 9 000 асатын болады.

Банктің мемлекетпен белгіленген барлық пруденциалдық нормативтерді орындап келе жатқанын атап өту керек. 2012 жылдың 1 шілдесінен бастап мемлекеттік органдармен белгіленген, жаңа қадағалау талаптарының, атап айтқанда, 2-ші деңгейдегі қазақстандық коммерциялық банктердің жеке капиталына қойылатын жаңа талаптардың күшіне енетіндігін мәлім. Бұл орайда, жеке капиталдың көлемін 70 млн АҚШ долларына жеткізу міндетті болады деп болжануда. Бұл талаптарды біздің банк, акционерлердің (артықшылығы бар акциялардың) есебінен капиталдың көлемін елеулі түрде ұлғайту және қосымша түрде, банкпен ұзақ мерзімді ынтымақтастық контекстінде жергілікті іскерлік орта ұсынатын ауқымды тәртіптендірілген қарыздарға жол ашу арқылы орындайтын болады.

Банктік стратегиясын 2-3 жыл ішінде атқару арқылы, Kassa Nova төмендегі қасиеттерге ие толығымен тұрақты банкке айналатындығы көзделуде:

- аумақтық филиалдардың толық қанды желісі;
- активтер мен мәліметтердің жеткілікті үлкен клиенттік базасы;
- заманауи және жоғарғы тиімді компьютерлік CRM-жүйе;

- жоғарғы табыстылық (ROE өлшемінде) және жеке капитал мен қаржылық левириджі тиімді пайдалану;
- диверсификацияланған тәуекелдер;
- төменгі NPL;
- жоғарғы кәсіби жұмыс күші;
- жаппай несиелерді ұсыну жөніндегі «фабрика»;
- табыстарды сақтаудың нәтижесіндегі елеулі капитализация;
- нарықтағы оң имидж;
- елдің қаржылық индустриясы нарығындағы ең тартымды жұмыс берушілердің бірі болу;
- потенциалды инвесторлардың кез келгенін тарту үшін брендтің қажетті құндылықтары және табыстылықтың жеткілікті деңгейі.

Басқарма Төрағасының алғы сөзі	58
Банк туралы	64
Филиалдар желісі	69
Клиенттер	69
Өнімдер	72
2012 жылға арналған жоспарлар	73
Корпоративтік басқару	78
Қызметкерлер	87
Қаржылық есептеме	90
Тәуелсіз аудиторлар есебі	98

KASSA
NOVA
БАНК

Жылдық есебі

Корпоративтік басқару



Корпоративтік басқару

Корпоративтік басқару акционерлер мүддесін қорғауға және жүзеге асырылуы банк қызметінің ашықтығы мен тиімділігін ұлғайтатын, шешімдер қабылдау процесін жақсартатын, корпоративтік қайшылықтардың туындауы мен таралуын болдырмайтын басқару мен бақылау арасындағы балансты сақтауға бағытталған ұстанымдардың толық саласын қамтиды.

Kassa Nova банкіндегі корпоративтік басқару жүйесі ұлттық заңнаманың және халықаралық стандарттардың барлық талаптарына сәйкес келеді және Корпоративтік басқару кодексiне негiзделедi.

Корпоративтік басқару құрылымы



Банк қызметін бүркемесіз реттеу дамудың айтарлықтай құрамы болып табылдаы. Акционерлер, инвесторлар және салымшылар Kassa Nova банкінің шешімдер қабылдаудың бүркемесіздігі мен объективтілігі саясатын нақты ұстайтындығына, әрқашан қажетті құжаттаманы, компанияның дамуы туралы тәуелсіз және уақтылы ақпаратты беретіндігіне сенімді бола алады.

Банктің ұйымдастырушылық құрылымы басқару жүйесінің жалпы түсіну үшін барынша тиімді және оңай болу мақсатын орындайды.

Әрбір қызметкер одан ұйымның нені күтетінін анық түсінеді және тікелей басшысының кім екендігін және жұмыста кімге есеп беру керек екендігін анық біледі.

Kassa Nova қызметкерлердің бастамашылдығына аса назар аударады, бірақ бағалау мен шешімдер қабылдау процесі қатаң бақыланады және шешімдер қабылдаудың белгілі лимитімен шектеледі. Сондықтан банктің барлық деңгейлерінде адамдар командамен жұмыс істейді:

Kassa Nova банкінің жоғарғы органы банк акционерлерінің Жалпы жиналысы. Директорлар кеңесінің мүшелерін акционерлер сайлайды және олар банк акционерлерінің Жалпы жиналысына есеп береді. Директорлар кеңесі қызметтің басым бағыттарын анықтайды және атқарушы органды - банк Басқармасын, сондай-ақ төмендегі Топтарды бақылайды.

Жылдық есебі

Реттеудегі жалпы жауапкершілік Директорлар кеңесінде болады, ол есептілік, мақсаттар және бүкіл банкті бақылау стандарттарын анықтайды. Банктің Басқарма Төрағасы операциялық қызмет үшін үлкен жауапкершілікте болады және тоқсан сайынғы негізде Директорлар кеңесіне есеп береді.

Кредиттік саясатты және кредит беру мәселелері бойынша кез келген негізгі шешімдерді кредит комитетінің мүшелері өз қарастырулары бойынша анықтайды. Ішкі аудит банкдамуындағы туындаған мәселелер бойынша жаңартылған мәліметтерді үнемі беруге және Директорлар кеңесінің талап етуімен қосымша тексеру жүргізуге шақырылған.

Банктің тәуелсіз аудитін жыл сайын компания «үлкен төрттік» қатарынан жүргізеді, оны Директорлар кеңесі сайлайды.

Банктің жыл айынғы есебін банктің Директорлар кеңесінің, банктің басқарушы буынының және комитеттің ықтимал тәуелсіз мүшелерінен сайланған Аудиторлық комитеттің мүшелері бекітеді.



Талғат Қуанышев

«Банк Kassa Nova» АҚ

Басқарма Төрағасы

Қуанышев мырза банктік салада 15 жылдан астам уақыт жұмыс істейді. Астон (Великобритания) Университетінің MBA дәрежесіне ие. «Банк Kassa Nova» АҚ-да қызметін бастағанға дейін «АТФ Банк» АҚ Басқармасы Төрағасының қызметін атқарды (2006-2007). Оның тәжірибесі бөлшек және корпоративтік банкинг, инвестицияларды басқару сияқты салаларды қамтиды. 2009 ж. бастап Қуанышев мырза «Банк Kassa Nova» АҚ Басқарма Төрағасы.



Нұрлан Қосақов

Басқарушы директор

Қосақов мырзаның банктік саладағы жұмыста үлкен тәжірибесі бар. 1994 ж. Қазақ мемлекеттік басқару академиясын бітіргеннен кейін мансабын «Эксимбанк» АҚ-да Инвестициялар бойынша кеңес беру департаментінің жетекші маманы болып бастады. 1997 ж. Алматы сауда-қаржы банкіне (кейіннен –«АТФ Банк» АҚ) келді, онда 12 жыл жұмыс істеп және Коммерциялық департаменттің Кредиттік басқармасының жетекші маманынан Басқарушы директор, Басқарма мүшесіне дейінгі жолдан өтті. Соңғы жылдары 2009 бастап 2011 дейін АТФ Лизинг АҚ (кейіннен –«Nova Лизинг» АҚ) вице-президент, президент болып жұмыс істеді. 2011 жылғы қарашадан бастап – «Банк Kassa Nova» АҚ Басқарушы директоры.



Михаэль Шнайдер
Басқарушы директор,
«Банк Kassa Nova» АҚ
Басқарма мүшесі

Шнайдер мырза – тәжірибелі банкир, мансабын Неміс Жинақ Банкінде бастаған. Оның Пфорцхайма (Германия) Бизнес-Мектебінің дипломы бар. Атап айтқанда Дүниежүзілік Банк мен Герман Халықаралық ынтымақтастық қоғамы іске асыратын микро және шағын бизнесті қаржыландыру бағдарламалары бойынша аға кеңесші және топ басшысы болып жұмыс істеді. Осы жоба шеңберінде Ресей мен Түркияда қосымша миссия жүргізді. Бұған дейін ол Румынияның жаңадан басталған бизнесі үшін бастапқы капитал қорын басқарды. Шнайдер мырзаның әлемнің қаржы саласындағы дамыған нарықтардағы жұмыстарда 20 жылдық тәжірибесі бар.



Айбек Меңдіғалиев

Басқарушы директор «Банк Kassa
Nova» АҚ Басқарма мүшесі,
Алматы қ. филиал Директоры

«Банк Kassa Nova» АҚ қызметін бастағанға дейін «АТФ-Лизинг» АҚ компания президенті лауазымын атқарды. 2001 бастап 2004 дейін «АТФ Банк» АҚ мен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да жұмыс істеді, онда кредит беру бөлімінің менедежерінен Шағын және орта бизнеске кредит беру басқармасының бастығына дейінгі жолдан өтті. Айбек Меңдіғалиев 1977 ж. Батыс Қазақстан облысында туған. Қазақ мемлекеттік басқару академиясын (КазМБА) үздік бітірді. 2009 ж. бастап Меңдіғалиев мырза Басқарма мүшесі және «Банк Kassa Nova» АҚ Басқарушы директор лауазымын атқарады.

Банкті корпоративтік басқару мынадай негізгі ұстанымдар негізінде қалыптастырылған:

- Біз қызметті дамыту жобаларын жүзеге асырғанда Қазақстан Республикасының және басқа елдердің заңнамасын сақтаймыз;
- Адам құқығын құрметтейміз;
- Бизнесті адал, әділ және жауапкершілікпен жүргізу ұстанымдарын ұстанамыз;
- Іскерлік қызмет қатысушыларымен қарым-қатынаста өзара пайда табуға ұмтыламыз;
- Банкке адал және тұрақты серіктес ретінде сенім білдіреміз;
- Адал жұмыс істейтін және бастамашыл қызметкерлерімізді көтермелейміз және оларды кәсіби өсуге және дамуға ынталандырамыз;
- Банкте белгіленген «Мансаптық өсу көрсеткіштері» бойынша ағымдағы штат қызметкерлеріне артықшылық береміз.

Қызметкерлер

Банктің дамуының қозғаушы күші кадрлар болып табылды. Kassa

Жылдық есебі

Nova өз қызметкерлерін клиенттермен байланыс жасау құралы және олармен ұзақ мерзімді қатынастың дамуын құрайтын негізгі құралы ретінде қарастырады.

Осыған қарай қызметкерлерді іріктеуді, оқытуды, дамытуды және уәждемелеуді Банк басшылығы табыстың негізгі факторы деп қарастырады.

Kassa Nova әрбір қызметкерге жұмысқа орналасуға теңдей мүмкіндік береді. Біз қаржылық индустрияда жұмыс істегісі келетін жас мамандарға көңіл аударамыз.

Сонда да Kassa Nova қызметкерлер қатаң іріктеліп алынады, мұны инвестицияларды банктік қызметкерлерде сақтау деп қарастыруға болады. Стандарттардың жалпы деңгейін көтеру жұмысты үнемі бақылаумен қамтамасыз етіледі – бұл да тиісті талант пен нәтижелердің материалды түрде және мансап баспалдағымен өрлеу арқылы марапатталатындығының кепілдігі.

2011 ж. соңында банк қызметкерлерінң жалпы саны 210 жетті, бұл 2010 ж. салыстырғанда 17%-ға көбейді. Осы арқылы басшылықтың бюджеттің белгіленген көрсеткіштеріне сәйкес қызметкерлер санын ұлғайтқанда өндірушіліктерін жақсарту арқылы активтерді өсіру (+115%!) мақсаты ақталды.

Қызметкерлердің өндірушілігінің көрсеткіштері мансаптық өрлеу

саясатында - ол мансаптық өрлеу мақсаттарын, жалақыны көбейту деңгейлерін, келесі қызметтік деңгейге өрлеудің міндетті талаптарын белгілейді, анықталған қызметкерлерді алға өрлетуге және сыйлықақы төлеуге тікелей әсер етеді.

Ұжымның жас мүшелерін тәжірибелі мамандардың үнемі оқытуы бұдан әрі жұмыс кезінде барлығына міндетті болып табылатын қолдау көрсетуге ықпал ететін болады. 200 жуық қызметкерлер кәсіби дайындаудың банкішілік бағдарламаларына қатысады, оларды банк бизнес саласындағы жергілікті институттармен байланыста және банктік іс бойынша білікті оқытушылардың қатысуымен ұсынады. Түрлі семинарлар өткізіледі, онда пәндердің мынадай кең шеңбері бойынша сертификаттар беріледі: АТ пайдалану, бухгалтерлік есеп және салық салу, тәуекелдерді басқару және ақпараттық өзара әрекет.

Барлық қызметкерлер үшін теңдей мүмкіндік ұстанымы банктің Корпоративтік кодексінде бекітілген. Kassa Nova жақсы нәтижелерді марапаттай отырып, компания мақсаттарының шеңберінде қызметкерлерді жеке сәйкестендіруді қолдай отырып және ерешеленген таланттар мен ең жақсы кредит портфелін жинағандар үшін аса жоғары сыйақы ұсына отырып, әділ кадр саясатын ұсынады.

Басқарма Төрағасының алғы сөзі	58
Банк туралы	64
Филиалдар желісі	69
Клиенттер	69
Өнімдер	72
2012 жылға арналған жоспарлар	73
Корпоративтік басқару	78
Қызметкерлер	78
Қаржылық есептеме	90
Тәуелсіз аудиторлар есебі	98

KASSA
NOVA
БАНК

Жылдық есебі

Қаржылық есептеме



Банктің қаржылық есептемесінің талдауы

2011 ж. Қазақстан экономикасының әрі қарай өскені және тұрақтанғаны көрінді, оның дәлелі макроэкономикалық көрсеткіштердің жақсаруы болды. Қазақстанның банктік жүйесінде де жағдай тұрақтанды. Kassa Nova банкі активтер көлемін ұлғайтуды жалғастырды, ол Қазақстан экономикасына берген кредиттер портфелі де өсті, депозиттер де ұлғайды.

Активтер

2011 ж. нәтижелер бойынша Kassa Nova банікінің активтері 2011 ж. үшін аудиттелген есептілікке сәйкес 51,7%-ға - 12,8 млрд.теңгеге дейін өсті, несиелік портфель көлемі – 10,434, 887 мың теңге және клиенттер депозиттерінң көлемі – 2,148,321 мың теңге.

Активтер құрылымы

	2011, мың теңге	2010, мың теңге
Ақшалай қаржы және олардың баламалары	1,341,373	2,815,707
Ұлттық Банктегі міндетті резерв	54,732	—
Клиенттерге берілген кредиттер	10,434,887	4,842,910
Негізгі қаржы мен материалдық емес активтер	884,276	623,576
Кейінге қалдырылған салықтық актив	35,846	64,203
Басқа активтер	47,439	92,254
Барлық активтер	12,798,553	8,438,650

Ақшалай қаржы және олардың баламалары

Ақшалай қаржы және олардың баламалары 2011 ж. қорытындысы бойынша 1,341,373 мың теңгені құрады. Олардың ішінде кассадағы ақша қаржысы 2010 ж. 242,547 мың теңгеден 2011 ж. 325,704 мың теңгеге дейін өсті. ҚР Ұлттық Банкіндегі «Ностро» тұрпатты шоттар 2010 ж. 692,745 мың теңгеден 2011 ж. қорытындылары бойынша 818,088 мың теңгеге дейін өсті. «Ностро» тұрпатты шоттар басқа банктерде жылдың аяғында 197,581 мың теңге болды.

Ақшалай баламалардың ешқандай баптары құнсызданған немесе мерзімі кешіктірілген болып табылмайды.

Клиенттерге берілген кредиттер

Банк 2011 ж. алдына бар клиент базасын сақтау және ұлғайту міндетін қойды. 2011 жыл үшін кредит портфелінің өсуі 4,3 млрд. теңгені құрады, бұл банк дамуының жағымды серпінін көрсетеді. Бұл ретте портфель сапасы жоғары тұрақты болып қалады. Аудиттелген есептілікке сәйкес 2011 ж. үшін қалыптастырылған провизия 114 млн. теңге. (2010 ж. - 126 млн. теңге.) Несиелік портфельдің жалпы көлемі 10,434,887 мың теңгеге жетті, 2010 жылдың аяғында 4,842,910 мың теңгені құрады.

Несиелік портфельдің өсуі есебінен банк активтері 1,51 рет өсті.

Жылдық есебі

Банк кредит берген салалар мыналар болды: қаржылық қызметтер (244,784 мың теңге), сауда (312,004 мың теңге), басқалар (221,419 мың теңге) және бөлшек клиенттерге берілген кредиттер (9,771,411 мың теңге). Бұл ретте бөлшек сектор клиенттеріне берілген несиелер құрамында тұтынушылық кредиттер көбірек, ол 2011 ж. соңында 8,421,255 мың теңгені құраған және жыл ішінде 3,381,344 мың теңгеден бастап көтерілді. Ипотекалық кредиттер жыл соңында 1,350,156 мың теңгені құрады, жыл басынан бастап 441,320 мың теңгеден бастап ұлғайды.

Бөлшек клиенттерге берілген кредиттер көбіне жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген.

Корпоративтік секторда берілген несиелер құрылымында ең үлкен үлестік салмақ жылжымайтын мүлік сатып алу несиелерінде – 536,963 мың теңге (69% - кредиттер портфеліндегі үлес), портфельдегі қалған бөлігі (31%) кредиттер бойынша болашақта түсетін ақшалай қаржыны құрайды – 241,244 мың теңге.

Негізгі қаржы мен материалдық емес активтер

Негізгі қаржы мен материалдық емес активтердің баланстық құны 2010 ж. 31 желтоқсандағы жағдайға сәйкес 623,576 мың теңгеге қарсы 2011 ж. 31 желтоқсанда 84,276 мың теңге.

Жер мен ғимараттардың баланстық құны 2010 ж. соңындағы 95,291

мың теңгеден бастап салыстырғанда 2011 ж. 31 желтоқсанда 212,235 мың теңге.

Бағдарламалық қамтамасыз етуден, патенттен және лицензиядан тұратын материалдық емес активтердің баланстық құны 2010 ж. соңындағы 311,574 мың теңгеден бастап салыстырғанда 96,113 мың теңге.

Банк міндеттемелері

Банк 2011 ж. корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғалардың депозиттік базасын сақтауға және ұлғайтуға жұмыс істей отырып, қорландырудың ішкі көздерін белсенді түрде тартуды жалғастырды.

2011 ж. банк міндеттемелерінің жалпы сомасы 2010 ж. 2,708,174 мың теңгеден 6,678,296 мың теңгеге ұлғайды.

Міндеттемелер құрылымында мерзімді банктік депозиттер 2011 ж. қорытындылары бойынша 200,917 мың теңгені құрады, клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері – 2,148,321 мың теңге, тәртіптелген қарыздар – 4,279,541 мың теңге, басқа міндеттемелер – 49,517 мың теңге. Бұл ретте мерзімді кредиттер арасында корпоративтіктер 2011 ж. ішінде 2010 ж. қорытындылары бойынша 826,070 мың теңгеден 1,682,340 мың теңгеге дейін өсті. Бөлшек депозиттер 2011 ж. соңында 42,654 мың теңге.

Тәртіптелген қарыздар

2011 ж. 31 желтоқсандағы жағдайға сәйкес тәртіптелген борыш жергілікті және шетелдік ұйымдардан алынған қарыздардан және сатып алуға жатпайтын шоғырланбалы артықшылықты акциялардан болды.

Тәртіптелген қарыздар 2011 ж. соңында 3,239,541 мың теңге болды, сатып алуға жатпайтын шоғырланбалы артықшылықты акциялар - 1,040,000 мың теңге.

2011 ж. 31 желтоқсандағы жағдайға сәйкес барлық артықшылықты акциялар шығарылды және өзінің номиналдық құнымен – 1000 теңге бойынша толық төленді.

Барлық артықшылықты акциялар 2011 жылғы 6 маусымда төленген. Банк артықшылықты акциялар бойынша 45,000 мың теңге (2010 ж. 31 желтоқсандағы жағдайға сәйкес: жоқ) мөлшерінде дивиденд есептеді, оның 5,000 мың теңгесі 2010 ж. 31 желтоқсандағы жағдайға сәйкес төленген.

Банктік капиталдандыру

Банктің меншік капиталы 2011 ж. қорытындылары бойынша 1,24 рет өсті. Банктің акционерлік капиталы 340 000 мың теңгеге ұлғайып, 6,340,000 мың теңгені құрады. Банк капиталының барлығы міндетемелермен бірге 12,798,553 мың теңге.

Банктің таза кірісі 78 млн. теңге. Осылайша «нөлден» құралған банк аз уақыт ішінде шығынсыздық нүктесіне жетті. 2011 ж. үшін операциялық табыстармен активтерге қатысты операциялық шығыстар азайды. Таза пайыздық табыстар 1,72 рет ұлғайды, қызметтер мен комиссиялар бойынша таза табыстар - 10,8 рет өсті.

Таза пайыздық маржа мен пайыздық спрэд жоғары болып қалады, өйткені кредит берудің негізгі бағыты аз ғана сомалар мен кредит беру мерзімдері бар жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер болып қалады. Меншік капиталы жеткіліктілігінің коэффициенті (к2) 0,844 (ең аз мәнде 0,1) құрайды, сондай-ақ банктік өтімділік бойынша жоғары көрсеткіштері бар.

Kassa Nova банкінің негізгі қаржылық көрсеткіштері

Негізгі қаржылық көрсеткіштер	Серпін, %	2011 жыл, теңге	2011 жыл, теңге
Активтер	52	12798553	8438650
Меншік капиталы	24	7120257	5730476
Таза пайыздық табыс	72	1247722	724728
Қызметтер мен комиссиялар бойынша таза табыс	981	21898	2026
Салық салынғанға дейінгі таза кіріс	130	78138	-261287
Клиенттерге қарыздар	115	10434887	4842910
Провизиялар	- 10	114731	126880
Таза пайыздық маржа	2,01	13,94%	11,93%
Пайыздық спрэд	0,67	11,1%	10,43%
Операциялық шығыстар/ Операциялық табыстар	- 42	0,94	1,36
Меншік капиталы жеткіліктілігінің коэффициенті К1	7,9	0,844	0,765
Операциялық шығыстар/ Активтер	- 2,38	9,27%	11,65%

Басқарма Төрағасының алғы сөзі	58
Банк туралы	64
Филиалдар желісі	69
Клиенттер	69
Өнімдер	72
2012 жылға арналған жоспарлар	73
Корпоративтік басқару	78
Қызметкерлер	87
Қаржылық есептеме	90
Тәуелсіз аудиторлар есебі	98

KASSA
NOVA
БАНК

Жылдық есебі

Тәуелсіз аудиторлар есебі



Жылдық есебі

«Банк KassaNova» АҚ Директорлар кеңесіне

«Банк Kassa Nova» (бұдан әрі - «Банк») АҚ 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайға сәйкес қаржылық жағдай туралы есептен, жиынтық табыс туралы есептерден, капиталдағы өзгерістерден және көрсетілген күні аяқталатын жыл ішіндегі ақшалай қаржы қозғалысы туралы есептен және есептік саясаттың негізгі ережелерін қысқаша беруден және басқа түсіндірмелік ескертулерден тұратын қаржылық есептемеге қоса берілетін аудитті жүргіздік.

Банк басшылығының қаржылық есептемеге дайындалу жауапкершілігі

Көрсетілген қаржылық есептемені Қаржылық есептеменің халықаралық стандарттарына сәйкес дайындау және дұрыс беру, сондай-ақ басшылық адал емес әрекеттер мен қателер салдарынан жіберілген едәуір ауытқулардан тұрмайтын қаржылық есептемені дайындауға қажетті деп санайтын мұндай ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру жауапкершілігі Банк басшылығында болады.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз көрсетілген қаржылық есептеме туралы біз жүргізген аудит негізінде пікірімізді білдіру болып табылады. Біз аудитті Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар бізден этика нормаларын сақтауды, сондай-ақ аудитті қаржылық аудит айтарлықтай бұрмаланбауы ақылға қонымды сенімді бола алатындай түрде жоспарлауды және жүргізуді талап етеді.

Аудит қаржылық есептемедегі сандық және мазмұндық мәліметтерді растайтын аудиторлық дәлелдемелерді алуға бағытталған рәсімдерді жүргізуден тұрады. Рәсімдерді таңдау адал емес әрекеттер мен қателер салдарынан жіберілген едәуір ауытқулардың бар болу тәуекелін бағалауға негізделетін аудитор тұжырымдамасының мәні болып табылады. Бұл тәуекелді бағалау процесінде тиісті аудиторлық рәсімдерді таңдау мақсатымен, бірақ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру мақсатымен емес, аудитор қаржылық есептемені дайындауды және дұрыс беруді қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесін қарастырады. Аудит сондай-ақ қабылданған есептік саясаттың дұрыс екендігін және басшылық есептеген бағалау көрсеткіштерінің негіздемелі екендігін бағалаудан, сондай-ақ жалпы қаржылық ақпаратты беруді бағалаудан тұрады.

Біз аудит барысында алынған дәлелдемелер көрсетілген қаржылық есептеме туралы аудиторлық пікір білдіруге жеткілікті негіздеме болады деп түсінеміз.

Пікір

Біздің пікірімізше қоса берілетін қаржылық есептеме Банктің 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайға сәйкес барлық айтарлықтай қатынастағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталатын жыл ішіндегі оның қызметінің нәтижесін және ақшалай қаржы қозғалысын «Қаржылық есептеменің халықаралық стандарттарына» сәйкес дұрыс көрсетеді.



Ким Е. В.

Сертификатталған аудитор
Қазақстан Республикасы,
Аудитордың кәсіби куәлігі
2011 жылғы 8 тамыз Ш МФ-0000042

«КМПА Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі берген 2006 жылғы 6 желтоқсандағы №0000021 аудиторлық қызметпен айналысу туралы мемлекеттік лицензия



Нигай А. Н.

«КМПА Аудит» ЖШС Бас директоры,
Жарғы негізінде әрекет етуші

30 наурыз 2012

Жылдық есебі

	Ескерту	2011 ж. мың теңге	2010 ж. мың теңге
Пайыздық табыстар	4	1,457,123	731,607
Пайыздық шығыстар	4	(209,401)	(6,879)
Таза пайыздық табыс		1,247,722	724,728
Комиссиялық табыстар		23,334	5,831
Комиссиялық шығыстар		(1,436)	(3,805)
Таза комиссиялық табыс		21,898	2,026
Шетел валютасымен жүргізілген операциялардан түскен таза табыс (залал)		3,845	(6,180)
Басқа операциялық табыстар (залалдар)		(8,684)	1,713
Операциялық табыстар		1,264,781	722,287
Залалдарды (құнсызданудан) қалпына келтіру	5	10,961	(126,652)
Қызметкерлерге шыққан шығыстар	6	(608,075)	(433,600)
Басқа жалпы әкімшілік шығыстар	7	(589,529)	(423,322)
Салық салынғанға дейінгі кіріс (залал)		78,138	(261,287)
Табыс салығы бойынша үнем (шығыс)	8	(28,357)	50,321
Жыл ішіндегі кіріс (залал) және басқа жиынтық табыс		49,781	(210,966)

	Ескерту	2011 ж. мың теңге	2010 ж. мың теңге
АКТИВТЕР			
Ақшалай қаржы және олардың баламалары	9	1,341,373	2,815,707
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі міндетті резерв		54,732	-
Клиенттерге берілген кредиттер	10	10,434,887	4,842,910
Негізгі қаржы және материалды емес активтер	11	884,276	623,576
Кейінгі қалдырылған салықтық актив	8	35,846	64,203
Басқа активтер	12	47,439	92,254
Барлық активтер		12,798,553	8,438,650
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Мерзімді банктік депозиттер		200,917	-
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	13	2,148,321	2,659,287
Реттелген қарыздар	14	4,279,541	-
Басқа міндеттемелер	15	49,517	48,887
Барлық міндеттемелер		6,678,296	2,708,174
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	16	6,340,000	6,000,000
Жинақталған залалдар		(219,743)	(269,524)
Барлық капитал		6,120,257	5,730,476
Барлық міндеттемелер мен капитал		12,798,553	8,438,650

Жылдық есебі

	2011 ж. мың теңге	2010 ж. мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРЖЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Пайыздық табыстар	1,411,910	731,730
Пайыздық шығыстар	(179,932)	(1,350)
Комиссиялық табыстар	23,310	5,831
Комиссиялық шығыстар	(1,436)	(3,805)
Шетел валютасымен жүргізілген операциялардан түскен таза табыс (залал)	4,807	100
Басқа операциялық табыстар (залалдар) бойынша (төлемдер) /түсімдер	(8,685)	1,713
Қызметкерлерге шыққан шығыстар төлемі	(611,372)	(429,248)
Басқа жалпы әкімшілік шығыстар	(477,885)	(378,333)
Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы		
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі міндетті резерв	(54,73)	–
Клиенттерге берілген кредиттер	–	606,486
Бас компанияның дебиторлық берешегі	(4,411)	(889)
Басқа активтер		
Операциялық міндеттемелердің (ұлғаюы)/азаюы	200,000	–
Мерзімді банктік депозиттер.	(525,073)	2,652,160
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері.	3,919	26,122
Басқа міндеттемелер.	(5,763,032)	132,178

	2011 ж. мың теңге	2010 ж. мың теңге
Операциялық қызметтен түскен ақша қаржысы (пайдалану)/пайдаланылды		
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРЖЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ	(323,113)	(558,936)
Негізгі қаржы және материалды емес активтерді сатып алу	17	4,915
Негізгі қаржы және материалды емес активтерді сату	(323,096)	(554,021)
Негізгі қаржыны инвестициялық қызметте пайдалану		
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРЖЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ	4,255,800	–
Реттелген қарыздардың түсуі.	340,000	–
Акционерлік капиталды шығарудан түскен түсімдер.	4,595,800	–
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаржы	(1,490,328)	(421,843)
Ақшалай қаржы мен оның баламасының таза азаюы.	15,994	(8,113)
Валюталық бағамдар өзгерістерінің ақшалай қаржы мен оның баламасының көлеміне әсері	2,815,707	3,245,663
Жылдың басындағы ақшалай қаржы мен оның баламасы	1,341,373	2,815,707
Жылдың соңындағы ақшалай қаржы мен оның баламасы (9-ескерту)		

мың теңге	Акционерлік капитал	Жинақталған залал	Барлық капитал
2010 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	6,000,000	(58,558)	5,941,442
Жыл ішіндегі залал мен жалпы жиынтық залал	-	(210,966)	(210,966)
2010 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	6,000,000	(269,524)	5,730,476
Жыл ішіндегі жүргізілген операциялар кіріс пен жалпы жиынтық табыс	-	49,781	49,781
Капитал құрамында тікелей көрсетілген меншіктенушілермен			
Акцияларды шығару	340,000	-	340,000
Барлық меншіктенушілермен жүргізілген операциялар	340,000	-	340,000
2011 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	6,340,000	(219,743)	6,120,257